



QARAJANBAS

№8 ТАМЫЗ 2025

«ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Қаражанбаста жаңа спорт кешені бой көтереді



Қаражанбас кен орнында мұнайшыларға арналған жаңа спорт кешені құрылысының алғашқы жұмысы басталды. Аумағы 1100 шаршы метр болатын нысан вахталық кент жанындағы №4 жатақхана маңынан бой көтереді. Қазір мердігер мекеме мамандары бетон плиталар мен блоктарды демонтаж жасап, қазу жұмысын қолға алды. Бұдан соң құрылысшылар ғимарат іргетасын қалауға кіріседі.

Ғимарат қаңқасы металдан құрастырылып, сыртқы және ішкі қабырғалары үшін сэндвич-панель пайдаланылады. Болашақта мұнда ерлер мен әйелдерге арналған жаттығу залы, әмбебап спортзал, үстел тенисін мен бильярд ойнайтын арнайы алаң болады. Бұдан бөлек, киім ауыстыру, жуыну, жабдықтар сақтауға арналған бөлмелер қарастырылған. Мұнайшыларға қолайлы жағдай жасау үшін құрылысқа сапалы материалдар қолданылып, заманауи қажетті құрылғылармен жабдықтау көзделіп отыр.

Жаңа нысан өндірісте еңбек ететін жұмысшылардың спортпен айналысуына, жарысқа дайындалуға мүмкіндік береді. Құрылыс келесі жылдың ортасында аяқталады деп жоспарланған.

БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР:

ҚАРАЖАНБАСТА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ СЫНАҚТАН ӨТКІЗУ ЖҰМЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Қаражанбас кен орнында ұңғымаларға тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жүргізу жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл бастама кен орнының өндірістік әлеуетін арттыруға, озық технологияларды енгізу арқылы мұнай өндіру тиімділігін жоғарылатуға және еңбек өнімділігін күшейтуге бағытталған.

2»

II ВАХТАҒА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІ

«АТА ЗАҢҒА 30 ЖЫЛ»: ҚБМ БАС ДИРЕКТОРЫНА МЕРЕЙТОЙ МЕДАЛІ ТАБЫСТАЛДЫ

«Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры Нұрпейіс Сәрсенбай «ҚР Конституциясына 30 жыл» мерейтой медалімен марапатталды.

3»

БУ ӨНДІРУ ЦЕХЫНЫҢ МАШИНИСІ САБЫР КИІКБАЙ: «ЕҢБЕГІМ ЕЛІМ ҮШІН...»

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ

4»

ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ - МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІГІН ТАҒУ - ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

5»

ҚБМ ТАУАРТАНУШЫСЫ «7 QADAM PRO» БАҒДАРЛАМАСЫН СӘТТІ ТӘММДІ

ЖАС МАМАНДАР - ЖЕТИСТІК ЖОЛЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ КҮШ

12 тамыз - Халықаралық жастар күніне орай «Қаражанбасмұнай» АҚ «Жас маман кеңесі» мүшелері құрметке бөленді.

6»

ӨМІРІН ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІНЕ АРНАҒАН

«Қаражанбасмұнай» АҚ ұжымы зейнетке шыққан ардагерлерге әрдайым ерекше құрмет көрсетіп, олардың ерен еңбегін ұмыт қалдырмайды. Сондай кейіпкерлердің бірі - Қуанғали Нсанбаев.

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК ИЕСІНЕ ҚҰРМЕТ

7»

ТАЗА ТАБИҒАТ - ОРТАҚ МІНДЕТ

«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық кеңсе қызметкерлері республикалық «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында Каспий теңізі жағасындағы демалыс базасы аумағын күл-қоқыстан тазартты. Сенбілікке компанияның құрылымдық бөлімшелерінен 20-дан астам жұмысшы қатысты.

8»

Қаражанбаста жаңа технологияларды сынақтан өткізу жұмысы қарқынды

Қаражанбас кен орнында ұңғымаларға тәжірибелік- өнеркәсіптік сынақ жүргізу жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл бастама кен орнының өндірістік әлеуетін арттыруға, озық технологияларды енгізу арқылы мұнай өндіру тиімділігін жоғарылатуға және еңбек өнімділігін күшейтуге бағытталған.

Компанияның жаңа техника және технология бөлімі жыл басынан бері №1 мұнай өндіру цехына қарасты қос ұңғымаға тікелей жетек орнатты. Аталмыш құрылғы көмегімен ұңғыма үздіксіз әрі тұрақты жұмыс істейді. Сондай-ақ бұл арқылы электр энергиясы шығынын азайту көзделген. Жабдық ұңғыма жұмысы тоқтап қалған жағдайда қашықтан ескерту сигналын беріп, апаттық жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Жаңа техниканың тағы бір артықшылығы – ол ұңғыманың жұмыс параметрлерін нақты қадағалап, деректерді орталық инженерлік-технологиялық қызметке лезде жеткізеді. Қолданыстағы жетектен тағы бір артықшылығы – ұңғыларды жөндеу кезінде өте ыңғайлы және уақытты үнемдейді. Жабдық құрылымында шкиф пен белбеу жоқ. Айналмалы бөлшектер болмағандықтан, жетекті ауыстыру және қолдану қауіпсіз.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ өндіріске оң нәтиже берсе, тікелей жетек қондырғыларын басқа да ұңғымаларға кезең-кезеңімен орнату жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде Қаражанбас кен орнындағы өндірісті автоматтандыру деңгейін көтеріп, қауіпсіздік техникасын нығайтып, компанияның тұрақты дамуына ықпал етпек.



II вахтаға есеп беру кездесуі



«Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) Басқармасы II ауысым жұмысшыларына есеп беру кездесуін өткізді. Жиында 2024 жыл мен биылғы алты айда атқарылған жұмыс нәтижесі таныстырылды.

Бас директор Нұрпейіс Сәрсенбай өндірістегі негізгі көрсеткіштерге тоқталып, мұнайшыларға бірлескен нәтижелі еңбек үшін алғыс білдірді. Бұдан соң өндіріс, қаржы-экономика, кадр және әлеуметтік салалар бойынша Бас директор

орынбасарлары мен департамент директорлары есеп берді.

Есеп беру кездесуі - компания үшін өткен жұмысты қорытындылап қана қоймай, алдағы жоспарларды ұжымға жеткізу арқылы жаңа мақсаттар мен міндеттерді айқындайтын маңызды жиналыс. Басты мақсат - өндіріс үздіксіздігін сақтап, жылдық жоспарды сәтті орындау.



«Ата заңға 30 жыл»: ҚБМ Бас директорына мерейтой медалі табысталды



«Қаражанбасмұнай» АҚ Бас директоры Нұрпейіс Сәрсенбай «ҚР Конституциясына 30 жыл» мерейтой медалімен марапатталды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен берілген медальді «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Нұрбек Қарасаев табыстады.

Нұрпейіс Мизанбайұлы өлкеміздің мұнай-газ игеру саласында ұзақ жыл еңбек етумен қатар, қоғамдық-саяси өміріне де белсенді араласып келеді. 2022 жылы Ата Заңға өзгерту енгізу туралы бүкілхалықтық референдум кезінде облыстық штапта белсенді жұмыс істеді.

Партия филиалының төрағасы еліміз үшін маңызды шараға жауапкершілікпен атсалысып, әлі де өңір игілігі үшін еңбек етіп келе жатқан басшыға алғыс білдірді. Марапат иесі де саяси партияның қызметі мен алдағы жоспарына сәттілік тіледі.

Бу өндіру цехының машинисі Сабыр Киікбай: «ЕҢБЕГІМ ЕЛІМ ҮШІН...»

Қаражанбас мұнайшылары – өндірістің алдыңғы шебінде қажырлы еңбек етіп, жер қабатына жасырынған қара алтынды игеруге атсалысып жүрген абыройлы мамандар. Олардың әрқайсысы жүрекпен таңдаған мамандығын жетік меңгеріп, жұмыста жаңа технологияларды шебер қолданып келеді. Ел Президенті жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай кен орнындағы маңызды цехта жұмыс істейтін еңбек адамымен таныстыруды жалғастырамыз.

Сабыр Киікбай «Қаражанбасмұнай» АҚ-дағы қызметке осыдан 14 жыл бұрын қабылданған. Бу өндіру цехында алдымен химиялық су тазарту аппаратшысы болып жұмыс істеген ол, бүгінде бу генераторлық қондырғысының 5-дәрежелі машинисі.

Кейіпкеріміз еңбек ететін цех өндірістің жүрегі саналады. Себебі Қаражанбас мұнайы қоюлығымен, шайырлылығымен ерекшеленетін еліміздегі бірегей кен орын. Мұнда термиялық әсер ету әдісі арқылы жер астына бу және су айдалады. Сабыр мұнаймен бірге шыққан соң бірнеше кезең бойы тазартылған судан бу өндіріп, оны жер қабатына айдау процесінде өзіндік орны бар маман. Ол күн сайын газбен, жоғары температура және қысыммен жұмыс істейді. Күні-түні тоқтаусыз жүретін физикалық, химиялық процесті жіті бақылау үшін жүктелген жауапкершілік жүгі айтпаса да түсінікті.

«Болат қайнауда, батыр майданда шынығады» демекші, білікті мамандардан білмегенін үйреніп, аға буынның ақылын тыңдап жетілген машинист бүгінде өзінен кейінгі жастарға оң бағдар беретін тағылымды тәлімгерге айналып үлгерген. Туған жердің жер асты байлығын игеруге бар күш-жігері мен жиған терген білімін жұмсап жүрген азамат жарты ғасырдан астам тарихы бар компанияның бір мүшесі екенін мақтан тұтады.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



Жұмысшы мамандық иелеріне арналған оқу



Ел Президенті жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның еңбек адамдары біліктілігін арттырды. Пайдалану жабдықтарын икемдеу-жөндеу және бу өндіру цехының жұмысшылары мен технологиялық көлік департаменті мамандары өз саласы бойынша оқуға қатысып, заманауи технологиялар мен қауіпсіздік техникасын сақтау бағытында дәріс алды.

Оқуға екі вахтадан барлығы 70-ке жуық жұмысшы қатысты. Олар дәнекерлеу кезіндегі физикалық-химиялық процестер негізі, заманауи мүмкіндіктер, технологиялық жабдыққа қызмет көрсету және пайдалану, өндіріске қажетті құралдарды жөндеу әдістері сияқты бірқатар тақырыпты меңгерді. Сондай-ақ көлік қызметкерлері жол қозғалысы қауіпсіздігі, жүргізушілердің кәсіби шеберлігін бақылау негіздері, олардың денсаулығын сақтау, жол-көлік оқиғасына қатысты мәлімет жинау және өңдеу туралы ақпарат алды.

Оқуда командада жұмыс істеу, ұжым рухын нығайту мәселелері назардан тыс қалмады. Еңбек адамдары теория дәрістерінен кейін тимбилдингке қатысып, берілген тапсырмаларды бірлесе шешуге барын салды. Командалық ойындардан соң жұмысшыларға алған білімін дәлелдейтін сертификаттар табыс етілді.



Өндіріс қауіпсіздігі - маңызды мәселе

«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаменті мен өндірісті жабдықтау базасының қызметкерлері «Қауіпті өндірістік объектілердегі бақылау» бойынша білімін нығайтты. Компанияның еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау департаменті ұйымдастырған оқытуға қос ұжымның инженерлік техникалық қызметкерлері қатысты.

Теория кезінде жұмысшылар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер, атап айтқанда

қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау, өндірістік бақылау қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен жауапкершілік туралы ақпарат алды. Оқыту әрі қарай алған білім бойынша тәжірибе тапсырмаларын орындаумен жалғасты.

Өндіріс қауіпсіздігін сақтау - әр маманның басты әрі маңызды міндеті. Сондықтан мұндай бағыттағы білім жұмысшылардың кәсіби деңгейін арттырып, қызмет барысындағы жауапкершілікті арттыруға оң септігін тигізеді.



Қауіпсіздік белдігін тағу - жазатайым оқиғаның алдын алады

«Самұрық-Қазына» АҚ және «ҚазМұнайГаз»ҰК АҚ 2025 жылға арналған Жол картасын және өндірістік қауіпсіздік жоспарын іске асыру аясында компаниялар тобы қызметкерлері арасында қауіпсіздік белдіктерін пайдалану және жол-көлік оқиғалары кезіндегі туындайтын жарақаттарды азайту мақсатында ҚБМ орталық аппарат қызметкерлеріне конвинсер-тренажерінің тәжірибелік көрсетілімі өтті.

Жұмысшылар алдымен жүргізуші креслосына отырып, қауіпсіздік белдігін тақты. Артынша тренажер сағаты на

40 км/сағ жылдамдықпен импровизацияланған кедергіге соқтығысты. Көрсетілген тәжірибе көмегімен қатысушылар шынайы жағдайдағы жол-көлік оқиғасын сезініп, қауіпсіздік белдігі тағылған және тағылмаған сәттегі айырмашылықты аңғарды.

Қауіпсіздік белдігін тағу - тек ереже емес, өз өміріңе деген жауапкершілік. Еңбек қауіпсіздігін сақтамау түрлі жазатайым оқиғаға алып келетінін ескерсек, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігі болып саналады.



ҚБМ тауартанушысы «7 QADAM PRO» бағдарламасын сәтті тәмамдады



«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның табысты дамуы мен өндірістік тұрақтылығы жолында мыңдаған маманның маңдай тері мен адал еңбегі жатыр. Олардың қатарында бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің бас механигі Қоныс Әбішев те бар. Ол өлке мұнайын игерудің ыстық-суығына шыдап, өз ісінің жілігін шағып, майын ішкен нағыз еңбек адамы.

Қоныс Әбішев Қаражанбастағы өнегелі еңбек жолын осыдан 23 жыл бұрын 5-дәрежелі жөндеуші болып бастаған. Жас маман күнделікті жұмыста техникалық қызмет көрсету мен жөндеу ісінің қыр-сырын меңгеріп, әрбір құрал-жабдықтың тілін түсінуге ұмтылды. Қызметтің қиындығынан қашпай, әр тапсырманы

іскерлікпен, ұқыппен орындаған Қоныс көп ұзамай аға механик лауазымына тағайындалды. Бұл белесте ол ұңғымаларды жөндеу кезінде туындайтын күрделі техникалық мәселелерді шешіп, жұмыс тиімділігін арттыру үшін елеулі еңбек етті. Өндірістік процестерді оңтайландырып, техникалық қауіпсіздік пен тәртіпті қатаң ұстануға күш салды.

2009 жылдан бастап Қоныс Әбішев бас механик ретінде жабдықтардың техникалық жағдайына тікелей жауапкершілік алды. Еңбек адамы қажетті техникалардың уақытылы жөнделіп, апаттық жағдайлардың алдын алу бойынша жұмыс жүйелілігін жіті қадағалады.



Қарапайым жұмысшыдан білікті басшыға дейінгі жол – қажырлы еңбек пен табандылықтың жемісі. Осылайша Қоныс Әбішев кен орнындағы 23 жылдық қызмет белесін абыроймен бағындырды. Майталман механикке әріптестері құрмет көрсетіп, кен орнын дамытудағы адал қызметі үшін алғыс айтты. Тәжірибе мен біліктікті шебер ұштастыра білген маман бәсекеге қабілетті жас буын Қаражанбастың қанатын әлі де кең қақтыратынына сенімді.



Жас мамандар - жетістік жолындағы жетекші күш



12 тамыз - Халықаралық жастар күніне орай «Қаражанбасмұнай» АҚ «Жас маман кеңесі» мүшелері құрметке бөленді. Бас директор Нұрпейіс Сәрсенбай компанияның белсенді де креативті қызметкерлерін қабылдап, корпоративтік мәдениетті дамытуға үлес қосып жүрген жастар еңбегіне оң баға берді. Жиналыс барысында басшылық жақында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары жұмысшылары арасындағы дәстүрлі спартакаиданың

ұйымдастыру ісіне атсалысқан жұмысшыларды марапаттады.

ҚБМ жас мамандары өндірісті өркендетуге жаңа серпін беріп, түрлі бағыттағы шараларды өткізуге тың көзқарас мен идеялар ұсынып келеді. Олар негізгі қызметімен қатар, қоғамдық жұмыста да алдыңғы қатардан көрініп жүр. Басқарма алғысына ие болған мұнайшылар алдағы жұмыс жоспары туралы айтып, тынбай еңбек етуге қашан да әзір екенін жеткізді.



Өмірін өндіріс қауіпсіздігіне арнаған



Мұнай өндірісі – табандылық пен тәртіпті, үлкен жауапкершілікті талап ететін сала. Ал осы жолда көп жыл еңбек еткен әр қызметкердің есімі компания тарихында алтын әріппен жазылары сөзсіз. «Қаражанбасмұнай» АҚ ұжымы зейнетке шыққан ардагерлерге әрдайым ерекше құрмет көрсетіп, олардың ерен еңбегін ұмыт қалдырмайды. Сондай кейіпкерлердің бірі - Қуанғали Нсанбаев.

Ол Бозашыдағы қара алтынның қайнаған ортасына осыдан 28 жыл бұрын табан тіреп, еңбек жолын бу өндіру цехында бу генераторлық қондырғысының машинисі болып бастаған. Кейін қызметін аталмыш цехтың технологі болып жалғады. Жұмысқа деген жауапкершілігі мен қажырлы еңбегінің арқасында 2007 жылдан бастап ол еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі саласына ауысқан. Аталған бөлімде алдымен иженер, аға инженер және топ жетекшісі қызметін абыроймен атқарды.



Қуанғали Нсанбаев тек білікті де тәжірибелі жұмысшы ғана емес, сонымен қатар жас мамандарға оң бағыт-бағдар берген тәлімгер де бола білді. Оның кәсіби шеберлігі мен талапшылдығы компания ішіндегі қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға өз ықпалын тигізді. Зейнет демалысына шыққан оған әріптестері ұзақ жылғы адал қызметі үшін алғыс білдіріп, аса құрметпен шығарып салды.

Елеулі еңбек иесіне құрмет



«Қаражанбасмұнай» АҚ технологиялық көлік департаментінің №2 гараж ұжымы еңбек адамы – тәжірибелі арқан ілдіруші Төлеген Аташевты зейнет демалысына шығарып салды. Қаражанбастағы еңбек жолын осыдан 20 жылға жуық уақыт бұрын жөндеу-құрылыс цехында тас қалаушы болып бастаған ол, соңғы 13 жыл ішінде өзіне жүктелген міндетін абыроймен атқарған жұмысшы.

Арқан ілдіруші – қырағылық пен ептілікті талап ететін мамандық. Ол жүкті байлауға, кран машинисіне көтеру мен жылжыту үшін белгі беруге, қозғалысты қадағалау және жүктің дұрыс орналасуын бақылауға, межелі орынға жеткізген соң ағытуға жауапты. Жылдың қай мезгілінде болмасын күні-түні тоқтаусыз жүретін өндіріске өз үлесін қосып, қызметін бес саусағындай меңгерген Төлеген жұмыста

біліктілігімен жоғары бағаланса, қарапайымдылығымен көптің сый-құрметіне бөленген жан.

Өмір соқпағының қызмет белесін сәтті тамамдаған маманды әріптестері арнайы құттықтап, Қаражанбасты дамыту жолында төккен тері үшін алғыс білдірді. Енді оны ұзақ жылғы еңбегінің жемісін көріп, өзінен тараған ұрпақтың қызығы мен рахатын сезінетін ғұмырдың жаңа белесі күтіп тұр.



Таза табиғат - ортақ міндет



«Қаражанбасмұнай» АҚ орталық кеңсе қызметкерлері республикалық «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында Каспий теңізі жағасындағы демалыс базасы аумағын күл-қоқыстан тазартты. Сенбілікке компанияның құрылымдық бөлімшелерінен 20-дан астам жұмысшы қатысты.

Қаражанбастықтар белгіленген аумақта демалушылардан қалған пластикалық бөтелкелерді, полителен пакеттерін және өзге де тұрмыстық қалдықтарды толықтай тазартып, 8 қап қоқыс жинады. Бірлескен іске ұйымшылдықпен атсалысқан ұжым еңбегі қоршаған ортаны қорғаудың маңызын айқын көрсетті.

«Таза Қазақстан» экоакциясы еліміздің барлық өңірінде кең көлемде өткізіліп келеді. Бұған дейін ҚБМ жұмысшылары кен орны мен облысымыздың тарихи-мәдени орындарында сенбілік жасаған еді. Игі бастаманы қолдауға қашан да дайын мұнайшылар теңіз жағасында демалушыларды тазалық сақтауға шақырды.



Тамыз айындағы мерейтой иелерін құттықтаймыз!

60 ЖАС

- 03.08.1965 жыл, Кезенбаев Бауыржан Өмірзақұлы, құрылыс-жөндеу цехының шебері
14.08.1965 жыл, Мүдебаев Темірғали Хайруллаұлы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері
20.08.1965 жыл, Үсленов Жеткізген Жауынбайұлы, жылу және сумен қамту цехының шебері
25.08.1965 жыл, Сарбаев Мұханбет Тұрарұлы, №5 автотізбек жүргізушісі

50 ЖАС

- 01.08.1975 жыл, Жетімеков Ережеп Есенбайұлы, технологиялық топтың инженер-технологі
04.08.1975 жыл, Жұмагазин Айдос Байтұрғанұлы, құрылыс-жөндеу цехының гидроизоляция айырушысы
08.08.1975 жыл, Өтенов Бөкенбай Нұрмұханұлы, №1 жөндеу-механикалық цехының слесарі
13.08.1975 жыл, Қарабалаев Берік Алиұлы, ӨАЦ слесарі
14.08.1975 жыл, Тәжіғалиев Талғат Маратұлы, қауіпсіздік қызметінің инспекторы
15.08.1975 жыл, Таңатаров Қайрат Шаңытқалиұлы, №3 автотізбек моторисі
17.08.1975 жыл, Айтбаев Омар Сәрсенбекұлы, №1 ҰЖКЖЦ бұрғышысы
18.08.1975 жыл, Оразалиев Бақыт Жұмабайұлы, ГЦ слесарі
20.08.1975 жыл, Елдесбаев Сәрсен Бердіқожаұлы, қоршаған ортаны қорғау инженері
21.08.1975 жыл, Мұханова Зейнеп Аяпқызы, Қабат қысымын ұстау цехының геологы
23.08.1975 жыл, Мұханов Бердібек Айтуарұлы, №7 автотізбек жүргізушісі
24.08.1975 жыл, Дәрібай Нұрлыбек Пионерұлы, ПЖИЖЦ құрастырушысы
30.08.1975 жыл, Адыров Рахмет Лесұлы, №4 автотізбек машинисі

Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,
Артылып абыроймен беделіңіз!



QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:
«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:
130000 Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан, 4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс департаменті
Директорының орынбасары
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kbm.kz

Түзелбай А.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kbm.kz

Исаев А.Р. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: A_Issayev@kbm.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады.
Таралымы 1000 дана.

Газет «АТИС» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:
130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 17 шағын аудан,
«Дукат» ТҮК, 3 кеңсе
Телефон: 8 (7292) 525 500